

Қорытынды

Қорытындыда балалардың даму стандарттары барлық сатыларда құнарлы тамақ жеген - тек емшек сүтін еміп, отбасы дастарханынан жоғары сапалы тамақ жеген балаларды өлшеу мен тексеру нәтижелеріне негізделгенін атап өтуге болады. Бір жасқа толмаған балалар үшін ең оңтайлы тамақ емшек сүті екені сөзсіз. Ана сүті – балалар диетасының «алтын стандарты». Сәби жастағы балаларға арналған тағамның мультикомпоненттері теңгерімді болуға тиіс. Тағамның физиологиялық барабарлық қағидаты – осы жастағы баланың тістеу, шайнау, ас қорыту, сіңіру және зат алмасу үдерістеріндегі мүмкіндіктеріне тағам өнімдерінің барынша сәйкестік деңгейі маңызды.

ДДСҰ әзірлеген балалардың өсу нормалары әрбір баланың өзінің қалыптасуындағы неғұрлым маңызды жылдар ішінде дамуына ең мықты мүмкіндіктер алуына ықпал ететін жаңа құралдарды білдіреді. Бұл тұрғыдан аталған құрал нәрестелер мен сәби жастағы балалардың өлім-жітімі мен аурушандығын азайтуға көмектеседі.

Баланың нерв жүйесінің қалыпты дамуы сыртқы тітіркендіргіштер барынша әр алуан болған кезде ғана мүмкін болады. Әсіресе баланың ересектермен, ең алдымен, анасымен, басқа балалармен қарым-қатынасының маңызы зор. Ерте жастан оқытуды ойдағыдай іске асыру үшін қажетті жаңа білімді бала бақылау, зерттеу, ата-анасымен, балалармен қарым-қатынас жасау және т.б. арқылы алады, баланың анасына осылай бауыр басуы, олардың өзара және тұрақты қарым-қатынас жасауы тек емшек сүтін емудің баланың толыққанды жүйке-психологиялық даму факторларының бірі ретіндегі маңыздылығын тағы бір рет атап көрсетеді.

Балаларды ерте жастан дамыту бойынша отбасыларға берілетін ұсынымдар балалардың тәрбиесімен байланысты нақты қиындықтарды шешудің жолдарын ұсынады, ата-аналардың мінез-құлықтарына әсерін тигізеді және ата-аналардың медициналық мекемелерге баруын бағалау қабілеттерін арттырады.

Біз нұсқаулықта ұсынған барлық материалдар бүлдіршін жастағы балалардың денсаулығын нығайту үшін дәрігерлер мен медбикелердің күнделікті тәжірибесінде пайдаланылады деп сенеміз.